

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 312 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Еуразия даму банкі құру және оның жұмыс істеуі үшін қажетті ішкі және халықаралық құқықтық құжаттардың және өзге де материалдардың жобаларын әзірлеу жөніндегі сараптамалық ұйымдастыру тобын қаржыландыру мақсатында ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті Хатшылығының арнайы шотына аудару үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 9590100 (тоғыз миллион бес жүз тоқсан мың бір жүз) теңге бөлінсін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.22. N 1238 қаулысымен.*

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*